

**БББ мақсаты** Көлік логистикасы саласындағы бәсекеге қабілетті магистрлерді және еңбек нарығының талаптарына сәйкес келетін және кәсіби қызметте оңтайлы шешім қабылдауға қабілетті ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау.

**БББ міндеттері** - дамудың жоғары интеллектуалдық деңгейіне жету үшін жағдай жасау, ғылыми-педагогикалық қызметте еңбекті ғылыми ұйымдастырудың логикалық және сыни ойлауы мен дағдыларын меңгеру;  
- көліктік-логистикалық жүйелерде ғылыми, басқарушылық және технологиялық міндеттерді шешу, проблемалық және стандартты емес жағдайларда жедел шешім қабылдау үшін кәсіби қызметте алған білімдерін пайдалану білігін дамыту;  
- аналитикалық ойлау мен инновацияларға дағдыларды қалыптастыру, белсенді оқыту және әртүрлі оқыту стратегияларын қолдана білу;  
- геймификация әдістерін қолдана отырып, проблемалардың кешенді шешімін таба алатын көлік-коммуникация кешені саласындағы түлектердің бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру.

**БББ үйлесімділігі**

- Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберінің 7-шы деңгейі;
- Dublin Descriptors 7 -шы біліктілік деңгейі;
- Еуропалық жоғары білім кеңістігі біліктілік шеңберінің 2-ші циклі (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area);
- Өмір бойы білім алудың Еуропалық біліктілік шеңберінің 7-деңгейі (The European Qualification Framework for Life long Learning).

**БББ кәсіби саламен байланысы** - Инновациялық қызметтің салалық біліктілік шеңбері (инновациялар саласындағы әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссияның шешімімен бекітілген. 2019 жылғы 29 шілдедегі №102-ХТ хаттама).  
- «Өндірістік логистика» 20.12.2019ж. №256, «Көлік-экспедициялық қызметтер» 06.09.2018ж. № 239 кәсіби стандарттары Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының орынбасары бұйрығына сәйкес.

**Берілетін дәреженің атауы** Осы БББ сәтті аяқтағаннан кейін бітірушіге «7M07133 - Көлік жүйелерінің логистикасы» білім беру бағдарламасы бойынша техника ғылымдарының магистрі дәрежесі беріледі.

**Біліктіліктер мен лауазымдардың тізімі**

- өндірістік логистика тобының жетекшісі;
- көлік-логистика орталығының басқарушысы;
- жоғары оқу орындары мен колледждердің оқытушысы;
- білім беру менеджері.

**Кәсіби қызметтің саласы**

- көлік қызметтері;
- ғылым;
- білім беру.

- логистикалық орталықтар мен компаниялар;

**Кәсіби қызмет нысандары**

- көлік-экспедиторлық және қойма қызметтерін көрсететін компаниялар;
- логистикалық жүйелер мен технологияларды дамытумен айналысатын ғылыми-зерттеу және жобалау кәсіпорындары;
- жоғары және орта арнаулы білім беру мекемелері.

**Кәсіби қызмет пәндері**

- көліктік қызметтерді маркетингтік зерттеу;
- логистикалық жүйелерді басқару;
- технологиялық және логистикалық процестер;
- педагогикалық үдеріс;
- ғылыми зерттеулер;
- заманауи әдіснаманы қолдану арқылы оқыту процесі.

**Кәсіби қызмет түрлері**

- ұйымдастырушылық-басқарушылық;
- өндірістік-технологиялық;
- жобалық;
- бақылау;
- педагогикалық;
- ғылыми-зерттеу.